

Банктік құқық пәнінен оқылатын лекциялардың мазмұны

1 ТАҚЫРЫП. Банк және банктік қызметтің түсінігі –2 сағат

1. Банктің түсінігі, банктік қызметтің маңызы, принциптері функциялары. Мемлекеттік банктердің Қазақстан экономикасын нарықтық түрлендірулер барысындағы ролі. Мемлекеттегі банктердің экономикалық мәні, Ұлттық банктің функциялары, олардың әрекет ету аумағы, ерекшеліктері. Банк– негізгі қаржы рыногының субъектісі ретінде, оның орны мен мәні экономиканы реттейтін басқа да қаржылық құралдар арасында банктің басты рөлін анықтайтын факторлар.

2. Банктік қызметтің: түсінігі, негізгі функциялары, міндеттері, мақсаты, құқықтық негіздері. Мемлекеттің банктік қызметі – мақсат-бағдарлы, жоспарлы қызметі. Банктің қызметтің экономикалық құқықтық ұйымдастырушылық формалары.

3. Банктік қызметінің түрлері, принциптері, негізгі әдістері, банктік қызметті жүзеге асырушы субъектілер, құқықтық нысандары. Мемлекеттің банк қызметінің саласында заңдылықты қамтамасыз ету тәсілдері.

2 ТАҚЫРЫП. Қазақстан Республикасының банк жүйесі – 2 сағат

1. Банк жүйесінің экономикалық – құқықтық мазмұны және оның қызмет етуі. Банктік қатынастар және банк аралық байланыстары, банк жүйесінің қызмет ету принциптері.

2. Унитарлы және федеральды мемлекеттердегі банк жүйесінің түрлері мен деңгейлері, бірінші және екінші деңгейдегі банктерінің құқықтық жағдайы. Банк жүйесін басқару деңгейлері, банк жүйесін басқару аппаратының сипаттамасы. Басқару объектілері мен субъектілері.

3. Бірінші және екінші деңгейдегі банктердің ара-қатынасын құқықтық реттеу

4. Банк жүйесін құрайтын элементтердің түсінігімен түрлерін қарастыру. Сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы банк жүйесінің қалыптасуына даму тенденцияларына тоқталу.

3 ТАҚЫРЫП. Банктік құқық-құқық саласы ретінде, пәні, әдісі, жүйесі. Банктік құқық ғылымы – Қазақстанның заңи ғылымдарының құрамдас бөлігі ретінде –2 сағат.

1. Банктік құқықтың пәні: түсінігі, маңызы. Банктік құқықтың қазіргі кезеңде құқық саласы ретінде дамуының тенденциялары және ерекшеліктері. Банктік құқық банктік қызметті іске асырудың нысаны және әдісі ретінде. Банктік -құқықты реттеудің негізгі мақсаттары мен міндеттері.

2. Банктік құқықтың Қазақстанның құқық жүйесінде алатын орны және оның шектес жатқан конституциялық құқық, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, қаржылық құқық салаларымен өзара байланысы, арақатынасы, сондай-ақ олардан ерекшеленетін айырмашылығы.

3. Банктік құқық кешенді құқық саласы ретіндегі құқық жүйесіндегі алатын орны.

4. Банктік құқықтың жүйесі; түсінігі, маңызы, басты бөлімшелері. Банктік құқық жүйесінің жалпы және ерекше бөлімдерінің құрылымдық құқықтық институттары: ерекшеліктері, қалыптасу белгілері, өзара іс-қимылдары.

5. Банктік құқықтың дерек көздері: түсінігі, топтастырылуы. Банктік заңдар банктік құқықтың болмысының нысаны ретінде: сипаттамасы, маңызы.

6. Банктік құқық ғылымы; пәні, ерекшеліктері, тұрақты элементтері. Банктік құқықтық институттар, банктік-құқықтық қатынастар, банктік заңдар банктік құқық ғылымының элементтері.

7. Банктік құқықтық ғылымды құрайтын ілім жүйесі: банктік құқықтық концепциялар; банктік-құқықтық категориялар; банктік құқықтық принциптер;

8. Банктік құқық ғылымының жүйесі; банктік құқық ғылымының жалпы теориялық проблемалары;

9. Банктік құқық ғылымының методологиясы. Салыстырмалы – құқықтық, нақты-әлеуметтік, тарихи – салыстырмалы зерттеу әдістері. Банктік құқық ғылымының Қазақстанда қалыптасуы мен дамуының кезеңдері және өзекті мәселелері.

4.ТАҚЫРЫП. Банктік құқықтық нормалар және банктік құқықтық қатынастар - 2 сағат

1. Банктік құқықтық нормалар: түсінігі, өздеріне тән белгілері мен ерекшеліктері, құрылымы. Банктік құқықтық нормалардың уақыт пен кеңістікте, аумақтарда, тұлғалар шеңберінде іске асырылуының маңызы және шегі.

2. Банктік құқықтық нормалардың негізгі түрлері, топтастырылуы. Қорғаушы және реттеуші бюджеттік құқықтық нормалар. Реттеуші банктік құқықтық нормалардың негізгі мақсаттары. Баламалы және факультативтік банктік құқықтық нормалар. Материалдық және ұйымдастырушы, императивтік және диспозитивтік банктік құқықтық нормалар.

3. Банктік құқықтық қатынастар: түсінігі, өздеріне тән белгілері, түрлері, объектілері. Материалдық және ұйымдастырушы, өктем шартты банктік-құқықтық қатынастар. Банктік құқық және банктік құқықтық қатынас субъектілері; түрлері, құқықтық жағдайларының ерекшеліктері, мемлекеттік органдарға байланысты мән-жайлары. Банктік құқықтық қатынастар субъектілерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тәсілдері.

4. Банктік құқықтық қатынастардағы заңи фактілер: түсінігі, маңызы, функциялары. Заңи іс-әрекеттер және заңи оқиғалар. Құқыққа сай іс-әрекеттер. Құқыққа қайшы заңи іс-әрекеттер. Заңи фактілер бюджеттік-құқықтық реттеу әдісінің элементі ретінде.

5. ТАҚЫРЫП. Банктік құқықтың қайнар көздері –2 сағат.

1. Банктердің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен, Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттармен сондай-ақ өздерінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заң құжаттарымен Президенттің Жарлығы негізінде және оларды орындау үшін шығарылған уәкілетті органның, Ұлттық банктің нормативтік құқықтық актілері банкінің қайнар көзі ретін танылады.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы банкілік құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде.

3. Банкілік қызметті реттейтін жалпы заңдар , атап айтсақ, азаматтық кодекс, қылмыстық кодекс, бюджеттік кодекс, салықтық кодекс, валюталық реттеу туралы заң және тағы басқа нормативтік актілер банктік құқықтың қайнар көзі ретінде.

4. Банктік қызметті реттейтін мамандандырылған заңдар мен нормативтік құқықтық актілер атап айтсақ, Ұлттық банк туралы заң, банк және банкілік қызмет туралы заң, кредиттік серіктестіктер туралы заң,.

5. Банкілік қызметті реттейтін банкілік құқықтың қайнар көзі ретінде қарастырылатын халықаралық нормативтік құқықтық актілер атап айтсақ, халықаралық вексель айналысы туралы, халықаралық банкілік чек туралы, банкілік қадағалауға байланысты қабылданаған CAMEL-жүйесімен халықаралық Базель комитетінің нормативтік құқықтық актілері.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметінің, Ұлттық банкінің және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері банк құқығының қайнар көзі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ банктердің ішкі локальдік актілері қаржылық одақтардың актілері, банкілік шарттар және банкілік қызметті іс жүзіне асыру барысында қалыптасқан әдет-ғұрыптар банк құқығының қайнар көзі ретінде танылады.

6.ТАҚЫРЫП. Банкілік құқықта қолданылатын құқықтық реттеу әдістері. Банкілік құқықтың жүйесі. – 2 сағат.

1. Банкілік құқықта қолданылатын құқықтық реттеу әдістері: түсінігі, маңызы, принциптері, элементтері, құрылымы, компоненттері.
2. Құқықтық реттеу проблемасы күрделі және заң ғылымында аз өңделген проблемалардың бірі. Банкілік құқықта қолданылатын өктем нұсқаулар әдісі қаржылық, әкімшілік, мемлекеттік құқықтың дәл осындай әдістерімен салыстырғанда бірқатар ерекшеліктермен ажыратылады.
3. Банкілік қатынастардың пайда болуы және категориялары. Банкілік бақылау құқықтық реттеу әдісі ретінде.
4. Банкілік құқықтық қатынастарға субъективті құқықтар мен міндеттердің пайда болуының принципиальді ерекшелігі тән, яғни, бір мінез-құлықта болуы әр түрлі құқықтар мен міндеттер көрініс табуы.
5. Банкілік құқықтық қатынастарды реттейтін біржақты өктем және шартты сондай-ақ комплекстік әдістердің мазмұнын ашу.

7.ТАҚЫРЫП. Банк саласындағы мемлекеттік басқару – 2 сағат.

1. Банк саласындағы мемлекеттік басқару банк құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы, нормативтік-құқықтық базасы. Банк қатынастарды реттеу саласындағы мемлекеттік басқару, мемлекеттік басқару органдарының банктік қатынастарды реттеу саласындағы құзыреті. Мемлекеттік басқарудың бюджеттік қатынастарды реттеу саласындағы құрылымы.
2. Мемлекеттік банктік басқару: түсінігі, басқаруды ұйымдастыру элементтері, принциптері, негізгі міндеттері. Мемлекеттік банкті басқаруды қалыптастырудың және іске асырудың өктем билік, әлеуметтік механизмі мен субъективтік элементтері.
3. Мемлекеттік банк саласындағы басқаруды жүзеге асырудың негізгі әдістері, құқықтық нысандары және өзекті мәселелері. Мемлекеттік банк саласындағы басқаруды ұтымдыландыру критерийлері. Банктерді басқаруды жүзеге асыратын жалпы және арнайы құзыретті мемлекеттік уәкілетті органдар жүйесі.

8. ТАҚЫРЫП. ҚР Ұлттық Банкінің құқықтық жағдайы – 3 сағат.

1. Ұлттық банктің құқықтық мәртебесін қарастырамыз, сондай-ақ, Ұлттық банк мемлекеттік басқару органы ретіндегі атқаратын қызметін қарастырамыз. Ұлттық банктің негізгі мақсаты республикамыздағы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.
2. Ұлттық банк республикамыздағы ақша-кредит саясатын жүргізетін мемлекеттік орган және банк болып табылады.
3. Ұлттық банк валюталық реттеу мен қадағалауды іс жүзіне асыратын орган ретіндегі құзыреті.
4. Ұлттық банктің басқару органдары, Ұлттық банктің есептілігі және есебі, Ұлттық банктің операциялары, Ұлттық банктің несиелері, Ұлттық банктің басқа да атқаратын қызметтеріне тоқталамыз.
5. Ұлттық банк Қазақстан Республикасының бірінші деңгейдегі банк ретіндегі құзыреті мен функциялары және қаржылық бақылауды іс жүзіне асыратын қадағалау және бақылау органы ретіндегі құзыреті.

9. ТАҚЫРЫП. Банктік бақылауды құқықтық реттеу –2 сағат.

1. Банктік бақылауды құқықтық реттеу банктік құқықтың жалпы бөлісімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы, нормативтік-құқықтық базасы. Мемлекеттік қаржылық бақылау ұғымы, мемлекеттік қаржылық бақылаудың үлгілері, түрлері, принциптері мен стандарттары.

2. Банктік бақылау: түсінігі, элементтері, принциптері, салалары, топтастырылуы. Банктік бақылау мамандандырылған мемлекеттік бақылаудың бір түрі ретінде. Банктік бақылау нәтижесі: банк жүйесінің барлық буындарының ойдағыдай қызмет атқаруларын қамтамасыз ету; банктік ресурстарды аса ұтымды пайдалануға қол жеткізу. Мамандандырылған және функциональдық банктік бақылау. Өкілді билік, атқарушы билік және банктік бақылауы.

3. Банктік бақылаудың маңызы, негізгі әдістері, түрлері, мамандандырылған банктік және басқа да уәкілетті органдары. Банктік бақылаудың мақсаты мен негізгі міндеттері. Банктік бақылау саласындағы заңдылық пен қаржылық тәртіп. Банктік тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету шаралары. Банктік - ұқықтық санкциялар. Мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері мен органдарының мәслихаттардың тексеру комиссияларының өзара іс-қимылдары. Банктік бақылау органдары: түрлері, құзыреттері.

10. ТАҚЫРЫП. ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің құқықтық жағдайы. – 3 сағат.

1. Қазақстан Республикасының Қаржы рыногымен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі 2004 жылдан бастап, өз қызметін атқаруда. Агенттік банктерді және банкілік қызметті іс жүзіне асыратын ұйымдардың қызметін қадағалайтын бірден-бір орган болып отыр. Банктердің қызметін лицензиялау және банктерді ашу агенттіктің құзыретіне берілді.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы рыногымен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің құқықтары мен міндеттері.

3. Агенттіктің нормативтік құқықтық актілері, банктерге міндетті пруденциалдық нормативтері және міндетті экономикалық нормалар мен лимиттер.

Ерекше бөлім.

11 ТАҚЫРЫП. Коммерциялық банктердің қызметтерін құқықтық реттеу – 2 сағат.

1. Банк банк қызметін жүзеге асыруға құқылы, коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға. Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны әділет органдарында банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге қаржы рыногымен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы болуымен белгіленеді. Банкті құру және оның жарғылық капиталына қатысу банктің құрылтайшыларымен акционерлерінің құқықтарымен міндеттері. Банк операцияларын жүзеге асыру.

2. Коммерциялық банктің түсінігі, түрлері, құрылымы, принциптері. Коммерциялық банк термині банк ісінің дамуының ерте кезеңдерінде, банктер сауданы, товар ауыстыру операциялары төлемдерді қамтамасыз еткен кездерде пайда болды. Банкті құру және оның жарғылық капиталына қатысу. Банкінің құрылтай құжаттары, банктің ұйымдық – құқықтық нысаны және атауы, банктің жарғылық және меншік капиталы. Банктің құрылтайшылары мен акционерлері, банктердің аффилирленген тұлғалары.

3. Банк операцияларын лицензиялау, банкіні мемлекеттік тіркеу, банк ашуға рұқсат беруден бас тарту.

4. Коммерциялық банктер кредиттік, есептік және қаржылық операциялардың барлық түрлерімен айналысады.

12 ТАҚЫРЫП. Банкілік операциялар, түсінігі және түрлері–2 сағат.

1. Капитал нарығында банктер елдалдық қызмет атқарады, яғни, бір тұлғалардың уақытша бос ақша қаражаттарын тарта отырып, оларды қажетсінетін басқа тұлғаларға береді. Банк және банкілік қызмет туралы заң несиелеу шартын тараптардың ерікті түрде ерік білдіруімен негізделетін шарт ретінде қарастыруы. Банкілік операциялар активтік және пассивтік болып бөлінеді. Пассив операцияларында банк қарыз алушы

ретінде болады, актив операцияларында банк қарыз беруші ретінде болады. Банктердің бағалы қағаздармен жасайтын өзіндік мәмілелері банктің ниеті бойынша банктік өзінің атынан және өз есебінен іске асырылады. Бұл мәмілелер инвестициялық және сауда – саттық деп екіге бөлінеді. Банктік операциялар жүргізуге лицензиялар Ұлттық банк белгілеген тәртіп бойынша беріледі. Ұлттық банк немесе уәкілетті орган лицензия берген кезде банктер банкілік операцияларды іс жүзіне асыруға құқық алады. Банкілік қызмет заңға сәйкес банк операцияларын жүзеге асыру, сондай-ақ, банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Заңда белгіленген өзге де операцияларды жүргізуі банк қызметі болып табылады.

2. Банк операцияларын лицензиялау және лицензия беруден бас тарту негіздері.

3. Банктердің бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялары, банктердің кепілдік операциялары.

4. Валюталық операциялар.

5. Банкілік операциялардың түрлері.

13.ТАҚЫРЫП. Банкілік несиелеудің құқықтық негіздері.– 2сағат.

1. Банкілік несиелеудің құқықтық негіздері: мәні, принциптері, ерекшеліктері. Нарықтық экономиканың қалыптасуы мен дамуы несиелік қатынастарымен тікелей байланысты. Кез-келген басқа да қатынастар секілді, несиелік қатынастар да мемлекетте құқық арқылы реттелуі. Несиенің барлық уақытта белгілі бір шарттармен берілуі және ссудалық капиталдың қайнар көздерін талдау жеке экономикалық категория ретіндегі несиенің мәнін анықтауға негіз болады. Нақты несиелік қатынастардың ерекшеліктеріне қарай басқа да заң актілерінің нормалары қолданылады. Несие несиелеушімен несиелеушінің арасында болатын қарыз алушыға ақылшылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақша қаражаттарының белгілі бір мөлшерін беру жөніндегі қатынастар.

2. Банкілік несиенің принциптері.

3. несиелеудің әдістері.

4. банкілік несиелерді қамтамасыз етудің ерекшеліктері.

5. банкілік несиенің түрлері.

14.ТАҚЫРЫП. Банкілік шарттардың түсінігі және түрлері.– 2 сағат.

1. Банктік шарттар: түсінігі, түрлері, мазмұны. Банктік шарттардың жасау талаптары тараптардың құқықтары мен міндеттері. Азаматтық кодекс бойынша банкілік салым шартының түсінігі және мазмұны (756 бап ерекше бөлім АК). Салымдардың түрлері олардың түсінігі және ерекшеліктері (757,765,758,762 баптар, АК) Банк клиенттерінің банктерде есепшот ашу жүргізу және жабу тәртібі. Банкілік шоттың түсінігі мен түрлері. Банкілік шот институтын құқықтық реттеу құқықтық маңызы жағынан әр түрлі нормативті-құқықтық актілердің негізінде іске асырылады. Банкілік шот банк пен клиент арасындағы шарт болып табылады. Бұл салада шешім қабылдау бостандығының дәрежесі іс жүзінде өте төмен екендігін естен шығармау қажет.

2. Банкілік шарттардың пәні.

3. Банкілік шарттың жасасу тәртібі сондай-ақ, банкілік шартқа қойылатын талаптар.

4. Банкілік шарттың түрлері.

Банктік құқық пәнінен семинар сабақтарының тақырыптары және тапсырмалары:

1 ТАҚЫРЫП. Банк және банктік қызметтің түсінігі– 1 сағат.

1. Банктің түсінігі, маңызы, принциптері, функциялары.

2. Банктік қызметтің : түсінігі, маңызы, аспектілері, қағидалары, функциялары.

3. Мемлекеттің банктік қызметі: түсінігі, негізгі функциялары, міндеттері, мақсаты, құқықтық негіздері. Мемлекеттің банктік қызметінің түрлері, принциптері, негізгі әдістері, банктік қызметті жүзеге асырушы уәкілетті органдар, құқықтық нысандары. Мемлекеттің банктік қызметінің саласында заңдылықты қамтамасыз ету тәсілдері.

Бақылау сұрақтары және тапсырмалары:

Банк дегеніміз не?

банктік құқықтың жүйесінің институттарын атаңыздар.

Мемлекеттің бюджеттік қызметі, оның белгілері мен қағидалары, әдістері мен құқықтық нысандарын атаңыздар.

Банктік құқықтық шарттар, олардың ерекшеліктері, олардың басқа шарттардан айырмашылықтары.

Банктік қызметті жүзеге асырушы мемлекеттік органдар жүйесі, жалпы құзыретті және мамандандырылған органдарды анықтаңыздар.

Осы қызмет саласындағы заңдылықты қамтамасыз ету әдістеріне мысалдар келтіріңіздер.

2 ТАҚЫРЫП. Қазақстан Республикасының банк жүйесі.

1. Банк жүйесінің экономикалық – құқықтық мазмұны және оның қызмет етуі. Банктік қатынастар және банк аралық байланыстары, Банк жүйесінің қызмет ету принциптері.

2. Унитарлы және федеральды мемлекеттердегі банк жүйесі мен деңгейлері. Банк жүйесін басқару деңгейлері, банк жүйесін басқару аппаратының сипаттамасы. Басқару объектілері мен субъектілері.

Бақылау сұрақтары және тапсырмалары:

Банктердің түрлері мен деңгейлерін атап олардың әр қайсысын талдап, түсініктерін беріңіз?

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің түсінігін, құрылымын айтып беріңіз?

Екінші деңгейдегі банктердің және банк жүйесін құрайтын банкілік емес ұйымдардың құқықтық мәртебесін ашып көрсетіңіз?

3 ТАҚЫРЫП. Банктік құқық – құқық саласы ретінде, пәні, әдісі, жүйесі Банктік құқық ғылымы – Қазақстанның заңи ғылымдарының құрамдас бөлігі ретінде.– 1 сағат.

1. Банктік құқықтың пәні: түсінігі, маңызы. Банкілік қатынастар: түрлері өздеріне тән белгілері және олардың басқа қатынастардан айырмашылығы.

2. Банктік құқық: түсінігі, маңызы. Банктік құқықтың қазіргі кезеңде құқық саласы ретінде дамуының тенденциялары және ерешеліктері. Банктік-құқықты реттеудің негізгі мақсаттары мен міндеттері.

3. Банктік құқықтың Қазақстанның құқық жүйесінде алатын орны және оның шектес жатқан конституциялық құқық әкімшілік құқық, азаматтық құқық салаларымен өзара байланысы, арақатынасы, сондай-ақ, олардан ерекшеленетін айырмашылығы.

4. Банктік құқықтың құқықтың реттеу әдістері: түсінігі, түрлері, өзіне тән белгілері, қолдану салалары. Біржақты-өктем императивтік әдістің баса қолданылуының себептері мен негіздері.

5. Банктік құқықтың жүйесі: түсінігі, маңызы, басты бөлімшелері. Банктік құқық жүйесінің жалпы және ерекше бөлімдерінің құрылымдық құқықтық институттары: ерекшеліктері, қалыптасу белгілері, өзара іс-қимылдары.

6. Банктік құқықтың қайнар көздері: түсінігі, топтастырылуы. Банкілік заңдар қаржылық құқықтың болмысының нысаны ретінде: сипаттамасы, маңызы.

Бақылау сұрақтары және тапсырмалары:

Банктік құқықтың түсінігін, пәнін, белгілерін және ерекшеліктерін атаңыздар.

Банктік құқықтың реттеу әдістерінің түрін, ерекшеліктерін атап, мысалдар келтіріңіздер. Неге біржақты өктем әдіс басты болып табылады?

Банктік құқықтың қайнар көздерін атап, құқықтық актілерді жіктеңіздер. Банктік құқығында басшылыққа алынуға тиісті қандай халықаралық актілерді білесіздер?

Банктік құқық саласында қарастырылатын институттарды атаңыздар.

4 ТАҚЫРЫП. Банктік құқықтық нормалар және банктік құқықтық қатынастар.

1. Банктік құқықтық нормалардың түсінігі, элементтері, негізгі түрлері, топтастырылуы.

2. Банктік құқықтық қатынастар: түсінігі, өздеріне тән белгілері, түрлері, объектілері.

3. Банктік құқық және банктік құқықтық қатынас субъектілері: түрлері, құқықтық жағдайларының ерекшеліктері, мемлекеттік органдарға байланысты мән-жайлары. Банктік құқықтық қатынастар субъектілерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тәсілдері.

4. Банктік құқықтық қатынастардағы заңи фактілер: түсінігі, маңызы, функциялары. Заңи іс-әрекеттер және заңи оқиғалар. Құқыққа қайшы заңи іс-әрекеттер. Заңи фактілер банктік -құқықтық реттеу әдісінің элементі ретінде.

Бақылау сұрақтары және тапсырмалары:

Банктік құқықтық нормалардың ерекшеліктерін атаңыздар.

Кез-келген банктік құқықтық норманы алып құрылысына байланысты жіктеңіздер.

Банктік құқықтық нормалардың әртүрлі жіктелу негіздерін қарастырып, әрбір жіктелу негізіне мысалдар келтіріңіздер.

Банктік құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі және тоқтауына мысалдар келтіріңіздер: оқиғаға байланысты екеуден және әрекетке байланысты екеуден.

5. ТАҚЫРЫП. Банктік құқықтың қайнар көзі. –1 сағат.

Қазақстан Республикасының Конституциясы банкілік құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде.

Банкілік қызметті реттейтін жалпы заңдар, атап айтсақ, азаматтық кодекс, қылмыстық кодекс, бюджеттік кодекс, салықтық кодекс, валюталық реттеу туралы заң және тағы басқа нормативтік актілер банктік құқықтың қайнар көзі ретінде.

Банктік қызметті реттейтін мамандандырылған заңдар мен нормативтік құқықтық актілер атап айтсақ, Ұлттық банк туралы заң, банк және банкілік қызмет туралы заң, кредиттік серіктестіктер туралы заң,.

Банкілік қызметті реттейтін банкілік құқықтың қайнар көзі ретінде қарастырылатын халықаралық нормативтік құқықтық актілер атап айтсақ, халықаралық вексель айналысы туралы, халықаралық банкілік чек туралы, банкілік қадағалауға байланысты қабылданаған CAMEL-жүйесімен халықаралық Базель комитетінің нормативтік құқықтық актілері.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің, Ұлттық банкінің және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері банк құқығының қайнар көзі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ банктердің ішкі локальдік актілері қаржылық одақтардың актілері, банкілік шарттар және банкілік қызметті іс жүзіне асыру барысында қалыптасқан әдет-ғұрыптар банк құқығының қайнар көзі ретінде танылады.

Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:

1. Банкілік қызметті реттейтін Конституцияның нормаларын көрсетіңіз?

2. Банкілік қызметті реттейтін жалпы заңдарды атаңыз және осы заңдардың банкілік қызметті реттейтін нормаларын талдаңыз.
3. Банкілік құқықтың қайнар көзі болып табылатын халықаралық актілерді атаңыз?
4. Ұлттық банктің және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібін айтып беріңіз.

6 ТАҚЫРЫП. Банкілік құқықта қолданылатын құқықтық реттеу әдістері. Банкілік құқықтың жүйесі. – 2 сағат.

Құқықтық реттеу проблемасы күрделі және заң ғылымында аз өңделген проблемалардың бірі. Банкілік құқықта қолданылатын өктем нұсқаулар әдісі қаржылық, әкімшілік, мемлекеттік құқықтың дәл осындай әдістерімен салыстырғанда бірқатар ерекшеліктермен ажыратылады.

Банкілік қатынастардың пайда болуы және категориялары. Банкілік бақылау құқықтық реттеу әдісі ретінде.

Банкілік құқықтық қатынастарға субъективті құқықтар мен міндеттердің пайда болуының принципіальді ерекшелігі тән, яғни, бір мінез-құлықта болуы әр түрлі құқықтар мен міндеттер көрініс табуы.

Банкілік құқықтық қатынастарды реттейтін біржақты өктем және шартты сондай-ақ комплекстік әдістердің мазмұнын ашу.

Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:

1. Банкілік қызметті құқықтық реттеу әдістерінің түсінігі, мазмұны және ерекшеліктерін атаңыз?
2. Біржақты өктем әдісі туралы қарастырып, оның банк құқындағы құқықтық реттеу әдісі ретіндегі алатын орнын қарастырып, көрсетіңіз?
3. Банкілік қатынасты реттейтін шартты құқықтық әдістің белгілерімен мазмұнын ашып қарастырыңыз?
4. Банкілік қызметті реттейтін кешенді құқықтық әдісті қарастырыңыз және оның басқа құқықтық реттеу әдістерінен айырмашылығын көрсетіңіз?

7 ТАҚЫРЫП. Банк саласындағы мемлекеттік басқару – 1 сағат.

1. Банк саласындағы мемлекеттік басқару: түсінігі, маңызы, нормативтік – құқықтық базасы.

2. Банк саласындағы мемлекеттік басқару: түсінігі, басқаруды ұйымдастыру элементтері, принциптері, негізгі міндеттері.

3. Банк саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудың негізгі әдістері, құқықтық нысандары және өзекті мәселелері. Банк саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын жалпы және арнайы құзыретті мемлекеттік уәкілетті органдар жүйесі. Банк жүйесінің қызмет атқаруын қамтамасыз ету. Банк саласындағы мемлекеттік басқару барысында инвестициялық белсенділікті ынталандыру, мемлекеттің қаржы жүйесін нарықтық түрлендірулер мен талаптарға сай келтіру және әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканы түпкілікті құруды көздеу.

Бақылау сұрақтары және тапсырмалары:

1. Банк саласындағы мемлекеттік басқарудың ролі мен маңызы.
2. Банк саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырушы мемлекеттік органдардың жүйесі және олардың құзыреті.
3. Осы салада тәсілдерін жетілдіруге байланысты ұсыныстарыңыз қандай?
4. Банктік қатынастарды реттеу саласындағы мемлекеттік басқару органдарының құзыреті?

5. Уақытша банкті басқаратын әкімшілігінің құқықтарымен міндеттері?

8. ТАҚЫРЫП. ҚР Ұлттық Банкінің құқықтық жағдайы –1 сағат.

Ұлттық банктің құқықтық мәртебесін қарастырамыз, сондай-ақ, Ұлттық банк мемлекеттік басқару органы ретіндегі атқаратын қызметін қарастырамыз. Ұлттық банктің негізгі мақсаты республикамыздағы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Ұлттық банк республикамыздағы ақша-кредит саясатын жүргізетін мемлекеттік орган және банк болып табылады.

Ұлттық банк валюталық реттеу мен қадағалауды іс жүзіне асыратын орган ретіндегі құзыреті.

Ұлттық банктің басқару органдары, Ұлттық банктің есептілігі және есебі, Ұлттық банктің операциялары, Ұлттық банктің несиелері, Ұлттық банктің басқа да атқаратын қызметтеріне тоқталамыз.

Ұлттық банк Қазақстан Республикасының бірінші деңгейдегі банк ретіндегі құзыреті мен функциялары және қаржылық бақылауды іс жүзіне асыратын қадағалау және бақылау органы ретіндегі құзыреті.

Бақылау сұрақтары және тапсырмалары:

1. Ұлттық банктің негізгі мақсаты?
2. Ұлттық банктің іс жүзіне асыратын функциялары?
3. Ұлттық банктің органдары?
4. Ұлттық банктің операциялары?
5. Ұлттық банктің есебі?
6. Ұлттық банктің басқа мемлекеттік органдармен байланысын атаңыз?

9 ТАҚЫРЫП. Банктік бақылауды құқықтық реттеу – 2 сағат

1. Банктік бақылауды құқықтық реттеу: түсінігі, маңызы нормативтік-құқықтық базасы.

2. Банктік бақылау: түсінігі, элементтері, принциптері, салалары, топтастырылуы. Банктік бақылау мамандандырылған мемлекеттік бақылаудың бір түрі ретінде. Тікелей және жанама банктік бақылау. Мамандандырылған және функционалдық банктік бақылау. Өкілді билік, атқарушы билік және сот органдарының банктік бақылауы.

3. Банктік бақылаудың маңызы, негізі әдістері, түрлері мамандандырылған қаржылық және басқа да уәкілетті органдары. Мемлекеттік банктік бақылаудың мақсаты мен негізгі міндеттері. Мемлекеттік банктік саласындағы заңдылық пен банктік тәртіп. Банктік тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету шаралары. Банктік -құқықтық санкциялар. Банктік -бақылаулық құқықтық қатынастар: ерекшеліктері, субъектісі, объектілері. Банктік бақылау органдары: түрлері, құзыреттері.

Бақылау сұрақтары және тапсырмалары:

1. Банктік бақылау органдарының құзыреттерін қарастырып, қызмет ету салаларына талдау жасаңыздар.
2. Ведомстволық бақылау дегеніміз не?
3. Банктік тәртіп бұзылған жағдайда қолданылатын жауапкершілік шараларын атаңыздар және қандай нормативтік актілер қолданылатынын қарастырыңыздар.
4. Мемлекеттік банктік бақылау ұғымын түсіндіріңіз?
5. Мемлекеттік банктік бақылаудың үлгілері, түрлері, принциптері мен стандарттарын атаңыз?
6. Сыртқы бақылау және ішкі бақылау дегеніміз не?

10. ТАҚЫРЫП. ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің құқықтық жағдайы –1 сағат.

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногымен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі 2004 жылдан бастап, өз қызметін атқаруда. Агенттік банктерді және банкілік қызметті іс жүзіне асыратын ұйымдардың қызметін қадағалайтын бірден-бір орган болып отыр. Банктердің қызметін лицензиялау және банктерді ашу агенттіктің құзыретіне берілді.

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногымен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің құқықтары мен міндеттері.

Агенттіктің нормативтік құқықтық актілері, банктерге міндетті пруденциалдық нормативтері және міндетті экономикалық нормалар мен лимиттер.

Сұрақтары мен тапсырмалар

1. Агенттіктің міндеттері?
2. Агенттіктің құқықтары?
3. Агенттіктің органдары?
4. Агенттіктің нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібі?
5. Агенттік банкілік қадағалау органы ретінде?

11 ТАҚЫРЫП. Коммерциялық банктердің қызметтерін құқықтық реттеу – 1 сағат.

Банк банк қызметін жүзеге асыруға құқылы, коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға. Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны әділет органдарында банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге қаржы рыногымен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы болуымен белгіленеді. Банкті құру және оның жарғылық капиталына қатысу банктің құрылтайшыларымен акционерлерінің құқықтарымен міндеттері. Банк операцияларын жүзеге асыру.

Коммерциялық банктің түсінігі, түрлері, құрылымы, принциптері. Коммерциялық банк термині банк ісінің дамуының ерте кезеңдерінде, банктер сауданы, товар ауыстыру операциялары төлемдерді қамтамасыз еткен кездерде пайда болды. Банкті құру және оның жарғылық капиталына қатысу. Банкінің құрылтай құжаттары, банктің ұйымдық – құқықтық нысаны және атауы, банктің жарғылық және меншік капиталы. Банктің құрылтайшылары мен акционерлері, банктердің аффилирленген тұлғалары.

Банк операцияларын лицензиялау, банкіні мемлекеттік тіркеу, банк ашуға рұқсат беруден бас тарту.

Коммерциялық банктер кредиттік, есептік және қаржылық операциялардың барлық түрлерімен айналысады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Коммерциялық банк дегеніміз не?
2. Коммерциялық банкті ашу тәртібі?
3. Коммерциялық банктердің акционерлері мен құрылтайшыларының құқықтарымен міндеттері?
4. Коммерциялық банктердің басқару органдары?
5. Коммерциялық банктердің қызметін лицензиялау және лицензияны қайтарып алу?
6. Коммерциялық банктерді еркіті және еріксіз түрде тарату?
7. Коммерциялық банктерді консервациялауды құқықтық реттеу?

12 ТАҚЫРЫП. Банкілік операциялар, түсінігі және түрлері–1 сағат.

Капитал нарығында банктер делдалдық қызмет атқарады, яғни, бір тұлғалардың уақытша бос ақша қаражаттарын тарта отырып, оларды қажетсінетін басқа тұлғаларға береді. Банк және банкілік қызмет туралы заң несиелеу шартын тараптардың ерікті түрде

ерік білдіруімен негізделетін шарт ретінде қарастыруы. Банкілік операциялар активтік және пассивтік болып бөлінеді. Пассив операцияларында банк қарыз алушы ретінде болады, актив операцияларында банк қарыз беруші ретінде болады. Банктердің бағалы қағаздармен жасайтын өзіндік мәмілелері банктің ниеті бойынша банктік өзінің атынан және өз есебінен іске асырылады. Бұл мәмілелер инвестициялық және сауда –саттық деп екіге бөлінеді. Банктік операциялар жүргізуге лицензиялар Ұлттық банк белгілеген тәртіп бойынша беріледі. Ұлттық банк немесе уәкілетті орган лицензия берген кезде банктер банкілік операцияларды іс жүзіне асыруға құқық алады. Банкілік қызмет заңға сәйкес банк операцияларын жүзеге асыру, сондай-ақ, банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Заңда белгіленген өзге де операцияларды жүргізуі банк қызметі болып табылады.

Банк операцияларын лицензиялау және лицензия беруден бас тарту негіздері.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Банкілік операциялар дегеніміз не?
2. Банкілік операцияларға қойылатын талаптар?
3. Банкілік операциялардың түрлері?
4. Ұлттық банктің операцияларын атаңыз?
5. Банк операцияларын лицензиялау тәртібін айтыңыз?

13.ТАҚЫРЫП. Банкілік несиелеудің құқықтық негіздері.– 1 сағат.

Банкілік несиелеудің құқықтық негіздері: мәні, принциптері, ерекшеліктері. Нарықтық экономиканың қалыптасуы мен дамуы несиелік қатынастарымен тікелей байланысты. Кез-келген басқа да қатынастар секілді, несиелік қатынастар да мемлекетте құқық арқылы реттелуі. Несиенің барлық уақытта белгілі бір шарттармен берілуі және ссудалық капиталдың қайнар көздерін талдау жеке экономикалық категория ретіндегі несиенің мәнін анықтауға негіз болады. Нақты несиелік қатынастардың ерекшеліктеріне қарай басқа да заң актілерінің нормалары қолданылады. Несие несие берушімен несие алушының тарасында болатын қарыз алушыға ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақша қаражаттарының белгілі бір мөлшерін беру жөніндегі қатынастар.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Несиенің түсінігі және оның пайда болуы мен даму тарихына тоқталып кетіңіз?
2. несиенің түрлері?
3. несие шартының мазмұны тараптардың құқықтары мен міндеттері?
4. несиенің пәні, несиені қамтамасыз ету тәртіптері?

14.ТАҚЫРЫП. Банкілік шарттардың түсінігі және түрлері.– 2 сағат.

Банктік шарттар: түсінігі, түрлері, мазмұны. Банктік шарттардың жасау талаптары тараптардың құқықтары мен міндеттері. Азаматтық кодекс бойынша банкілік салым шартының түсінігі және мазмұны (756 бап ерекше бөлім АК). Салымдардың түрлері олардың түсінігі және ерекшеліктері (757,765,758,762 баптар, АК) Банк клиенттерінің банктерде есепшот ашу жүргізу және жабу тәртібі. Банкілік шоттың түсінігі мен түрлері. Банкілік шот институтын құқықтық реттеу құқықтық маңызы жағынан әр түрлі нормативті-құқықтық актілердің негізінде іске асырылады. Банкілік шот банк пен клиент арасындағы шарт болып табылады. Бұл салада шешім қабылдау бостандығының дәрежесі іс жүзінде өте төмен екендігін естен шығармау қажет.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Банкілік шарт дегеніміз не?
2. Банктік шартты жасасу тәртібі және банктік шартқа қойылатын талаптар?
3. Банктік шарт бойынша тараптардың құқықтарымен міндеттері?

4. Банктік шарттың түрлері?
5. Банктік шарт банк құқының қайнар көзі ретінде?

Барлық тақырыптарға байланысты нормативтік құқықтық актілер:

Негізгі нормативтік актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда қабылданған, 1998 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
2. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26-желтоқсандағы “Қазақстан Республикасының Президенті туралы” Конституциялық заңы.
3. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16-қазандағы “Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы Конституциялық заңы”
4. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18-желтоқсандағы “Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы” Конституциялық заңы.
5. Қазақстан Республикасының Азamatтық кодексі (1994 жылғы 27-желтоқсанда қабылданған Жалпы бөлімі, 1999 жылғы 1-шілдеде қабылданған Ерекше бөлімі) 102-104, 111-112, 117-118, 127-136, 139, 192-193, 196-198, 200-201, 206 және т.б. баптары.
6. Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі. 24.04.2004 жылы қабылданған ҚР Заңы.
7. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30-наурыздағы “Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы” Заңы. (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
8. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31-тамыздағы “Қазақстан Республикасының банктер және банктік қызмет туралы” Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
9. Қазақстан Республикасының 02.07.2003 жылы қабылданған ҚР Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)
10. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20-шілдедегі “Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы” Заңы. (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
11. Қазақстан Республикасының Президентінің 09.03.2004 жылғы 2003-2006 жылдары Қазақстан Республикасында қаржылық секторды дамыту концепциясы жүзеге асыру шараларының жоспарын бекіту туралы Жарлығы.
12. Қазақстан Республикасының Даму банкісі туралы Қазақстан Республикасының 25.04.2001 жылғы Заңы.
13. Қазақстан Республикасының қаржылық рынокты және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау рыногы туралы 04.07.2003 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы.
14. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы “Валюталық реттеу туралы Заңы ”
15. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12-маусымдағы Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексі.
16. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы “Ақша аударымдары мен төлемдері туралы” Заңы.
17. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19-маусымдағы “Мемлекеттік кәсіпорын туралы” Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
18. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы” Заңы.
19. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5-шілдедегі “Қаржылық лизинг туралы” Заңы
20. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5-қаңтардағы “Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы” Заңы.
21. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28- сәуірдегі “Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы Заңы.

22. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан Республикасының қаржылық рынокты және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау рыногы агенттігі туралы Ережені бекіту туралы” 31.12.2003 жылғы Жарлығы.
23. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1-шілдедегі “Алматы қаласының мәртебесі туралы” Заңы.
24. Қазақстан Республикасының 08.02.2003. жылғы “Почта туралы” Заңы
25. Қазақстан Республикасының 13.05.2003 жылғы “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңы
26. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 29 қаңтардағы “Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы” Заңы.
27. Қазақстан Республикасының 20.12.1998 жылғы “Коммерциялық емес ұйымдар туралы” Заңы.
28. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18-желтоқсандағы “Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру ісі мен сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңы.
29. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22-желтоқсандағы “Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңы.
30. Қазақстан Республикасының Аудиторлық қызмет туралы 20.11.1998 жылғы Заңы.
31. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының қызмет етуінің кейбір мәселелері туралы 07.02.2001 жылғы Жарлығы
32. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29-қаңтардағы “Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану қағидалары туралы” Жарлығы.
33. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстандық теңге – ұлттық валютасының банкноталар мен монеталарының дизайнның концепциясын бекіту туралы 25.09.2003 жылғы Жарлығы.
34. Қазақстан Республикасының Үкіметінің Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асырудың ерекше тәртібінің Ережесін бекіту туралы 20.02.2004 жылғы Қаулысы
35. Қазақстан Республикасының Үкіметінің ҚР Қаржы министрлігі туралы 11.01.2001 жылғы Ережені бекіту туралы Қаулысы.
36. Қазақстан Республикасының Үкіметінің ҚР Қаржы министрлігінің қаржылық бақылау комитетінің қызметінің кейбір мәселелері туралы 19.06.2002 жылғы Қаулысы.
37. Қазақстан Республикасының Үкіметінің ҚР экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі туралы 04.09.2002 жылғы Ережені бекіту туралы Қаулысы.
38. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды құру, қызметін лицензиялау, реттеу, тоқтату ережесі.
39. Банктік әрі банктер жүзеге асыратын өзге операцияларды жүргізуге лицензияны беру, тоқтата тұру және қайтарып алу ережесі.
40. Екінші деңгейдегі банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға келісім беру тіртібі туралы ереже.
41. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы.
42. екінші деңгейдегі банктердің жарғылық және меншік капиталдардың ең аз мөлшері туралы.
43. Қолма – қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталының ең аз мөлшерін ұлғайту туралы.

44. банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды инвесторларға міндетті түрде сату ережесі.
45. Ломбардтарды қызметін лицензиялау, реттеу, тоқтату, ережесі.
46. Бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыру ережесі.
47. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу туралы ережелері.
48. Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру жөніндегі нұсқаулық.
49. Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жәүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулық.
50. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлеріне жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережелері.
51. Екінші деңгейдегі банктерге ішкі аудитті ұйымдастыру ережесі.
52. Қазақстан Республикасындағы банктерді ерікті тарату ережесі.
53. Қазақстан Республикасында банктердің жұмысын доғару туралы Ереже.
54. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банетрінің вексельдер есебін жүргізу ережесі.
55. Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату ережесі.

Қосымша нормативтік актілер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 11-шілдедегі “Қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы Жарлығы”
2. Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсанындағы “Бухгалтерлік есеп туралы” Заң күші бар Жарлығы
3. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 3-мамырдағы “Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңы.
4. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2000 жылғы 11-қаңтардағы “Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы Ережені бекіту жөніндегі Қаулысы”
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24-мамырдағы “Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитетінің мәселелері туралы Қаулысы”
6. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 27-ақпандағы “Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігі мәселелері туралы” Қаулысы.
7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау Комитеті туралы” Ережені бекіту жөніндегі Қаулысы
8. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2001 жылғы 5-қыркүйектегі “Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюталық бақылауын ұйымдастыру туралы” нұсқаулықты бекіту туралы Қаулысы
9. Қазақстан Республикасының экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі туралы №1116 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28 қазан 2004 жылығы Қаулысы.